

Мекен-жайы: Сейфуллин 19, **Пошта:** astana_sh2@mail.ru, **телефон нөмірлері:** 8-717-2-50-16-31
Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын бос және уақытша бос лауазымға 26.11.2025ж.-05.12.2025ж. аралығында конкурс жариялайды:

Бос лауазымдар:

1. Педагог-ассистент -2 орын;
2. Аға-тәлімгер -1 орын.

Конкурстың өткізілу күні: 08.12-12.12.2025ж. аралығы

Өткізу уақыты: 10.00

Өткізу орны: мәжіліс залы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 486 мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 362 Бұйрыққа қосымшасы негізінде өткізіледі.

Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын конкурс өткізу туралы хабарландыру **ЖАРИЯЛАНҒАН СОҢҒЫ КҮННЕН БАСТАП 7 (ЖЕТІ) ЖҰМЫС КҮНІ ІШІНДЕ (26.11-05.12.2025ж.)** бос және уақытша бос лауазымға орналасу үшін мынадай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады:

113. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

- 1) осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;
- 11) осы Қағидаларға [12, 13-қосымшаларға](#) сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

114. Кандидат, болған жағдайда, біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне (біліктілігін арттыру, ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер және дәрежелер беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) қатысты қосымша ақпарат ұсынады.